

Қазалы ауданының кейбір ауылдарын қайта атау туралы

Бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 шілдедегі № 1173 қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 18 шілдедегі № 226 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 шілдеде № 6392 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4-тармақшасына және облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 2 қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қазалы ауданының кейбір ауылдары:

- 1) Өркендеу ауылдық округінің Өркендеу ауылы "Жанкент" ауылы;
- 2) Тасарық ауылдық округінің Отгон ауылы "Тасөткел" ауылы болып қайта аталсын

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Қызылорда облыстық мәслихатының
кезекті 21-сессиясының төрағасы
Қызылорда облыстық мәслихатының
хатшысы

Қ. Көшербаев

К. Үйреков

Н. Байқадамов